

## **ЛЕКЦИЯ 12. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕГІ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ЖАРЫС ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ.**

Жалпы білім беретін мектептегі сыныптан тыс жұмыстарда дене жаттығуларының жарыс түрлерін қолданудың тиімділік критерийлері.

*Басшылық жасау.* Кубокты жеңіп алу жарысын даярлау, ұйымдастыру және өткізу дене тәрбиесінің мұғалімі мен дене тәрбиесі ұжымының кеңесіне жүктеледі. Баскетболдан кубокты жеңіп алу жарыстарына төрешілік ету дене тәрбиесі мұғалімі басшылық ететін төрешілер алқасына жүктеледі.

*Өткізілу уақыты мен орны.* Кубокты жеңіп алу ойыны (уақыт аралығында) мектептің спорт залы мен алаңында өткізіледі.

*Қатысушы.* Кубокты ұтып алу ойындарының қатысушылары дәрігер рұқсат еткен және қанағаттанғысыз бағасы жоқ 8-11-сынып оқушылары бола алады.

*Өткізілу жағдайы,* Кубокты жеңіп алу ойынынан шығып қалу (ұтылған команда бәсекеден шығады) жүйесі арқылы түзілген график бойынша өткізіледі.

Әр сынып жарысқа бір ғана команда шығаруға құқылы.

*Мадақтау.* Финалда бірінші орын алған команда кубокпен және грамотамен, ал екінші орын алған команда грамотамен мадақталады.

*Тапсырыстар (Заявки).* Тапсырыстар дене тәрбиесі пәнінің мұғаліміне дейін тапсырылады. Тапсырыста командадағы қатысушылардың тізімдік құрамы көрсетіледі. Тапсырысқа сынып жетекшісі, команда капитаны және дәрігер қол қояды. Команда өкілдерінің отырысы (уақыты) өтеді.

*Жарыстың бағдарламасы.* Жарыс бағдарламасында тек ең маңызды және қойылған міндеттерді шешуге қажетті деген нәрселер ғана болуы қажет. Бағдарламада жас ерекшелігі топтарына бөлінген спорттық жаттығулар түрі мен спорттың түрі атап айтылады және осы түрлер сынақ түрі жағынан командалық па, жекелей ме немесе жекелей командалық па, осылар көрсетіледі. Спорттық жаттығулардың түрлері оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек. Көптеген мектептің жасөспірімдері жарыстарының негізіне жоғарыда тұрған ұйымдардың ұсынатын бағдарламалары мен спорттың жеке түрлері бойынша жасалған ережелер алынып жүр.

Бағдарламада жұмыс шектен тыс болмауы қажет, себебі мұның өзі жарыстың ұзақтығын созып жібереді және қатысушыларды шаршатады. Бағдарламаның көлемі мен мазмұны маусымға, оқушылардың жас ерекшеліктері мен даярлық деңгейіне сәйкес келуі керек. Дене тәрбиесі ұжымының жұмыс жоспары арқылы қарастырылған жарыс әрқашан да

оқушыларды оқыту мен жаттықтыру ісіндегі атқарылған жұмыстардың қорытындысы болып табылады. Жарыс бағдарламасын құрастыра отырып, мұғалім осы жағдайларды есепке алып, бағдарламаға жетекші дене жаттығуларының негізгі түрлерін енгізеді. Бұл жаттығулар оқу бағдарламасының және Президент сынамаларының нормативтерінің орындалуымен байланысты болады. Мүмкіндігінше, жарыстар екі сағаттан аспағаны жөн. Бұған бағдарламаны біліктілікпен құрастыру арқылы ғана емес, сондай-ақ жарыстың өзін дұрыс ұйымдастыру арқылы (орындардың даяр болуы, құжаттар, бөлектенген сөрелер, төрешілер мен көмекшілер санының жеткілікті болуы, команданы дұрыс ұйымдастыру, жарыс алаңындағы тәртіп т. б.) қол жеткізіледі.

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар.

**Лекцияны оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі (20 ұпайға дейін).**

**Сұрақтар:**

1. Жалпы білім беретін мектептегі сыныптан тыс жұмыстарда дене жаттығуларының жарыс түрлерін қолданудың тиімділік критерийлері.

**БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары (30 ұпайға дейін).**

Жалпы білім беретін мектептегі сыныптан тыс жұмыстарда дене жаттығуларының жарыс түрлерін қолданудың тиімділік критерийлері.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Организация и методика учебного процесса, физкультурно-оздоровительной и спортивной работы в вузе, Учебное пособие, Алматы, Қазақ университеті 2020, Г.Б. Мадиева

2. Аймақтық ерекшелік сипаты ескеріліп мектеп оқушыларына дене мәдениетінен білім берудің педогогикалық үлгісі, монография, Түркістан 2017, Б.Қ.Мухамеджанов., Б.М.Баймуханбетов

3. Болошақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік күзиреттілігін қалыптастыру әдістемесі, оқу құралы, Түркістан 2015, Б.Қ. Мухамеджанов., Б.С.Омаров

4.Спортты басқару және ұйымдастыру, Оқу құралы, Түркістан 2019, К.Д.Баетов., Б.К.Баетов., Д.М.Баетов

**Қосымша:**

1. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 1-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 368 б.

2. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 2-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 340 б.
3. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 3-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 346 б.
4. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі / 4-кітап. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019. – 290 б.